



# Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық!

## ОҢТҮСТІК



# ҚАЗАҚСТАН

облыстық қоғамдық-саяси газет

WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

№24 (21686) ЖҰМА, 21 наурыз, 2025 жыл

➤ Ақорда

## Ел дамуының жаңа бағыттары баяндалды



Мемлекет басшысы Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өркендеудің жаңа бағыттары және экономикалық реформаларды жүзеге асыру жұмыстары жөнінде баяндалды. Биылғы қаңтар-ақпан айларында экономиканың өсімі 5,4 пайызды құрады.

Премьер-министр Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы жүктеген ірі инфрақұрылымдық және энергетикалық жобаларды іске асыруға, цифрландыру мен адами капи-

талды дамытуға қатысты міндеттерді орындау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы жетекшілік ететін республикалық штабтың су тасқынына қарсы іс-шаралар жөніндегі есебін тыңдады. Жағдай тәулік бойы бақылауға алынған. 37 мыңнан астам қызметкер мен 13 мың техника кез келген жағдайға сақадай сай.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономиканың нақты секторын қолдау, инвестиция тарту және әлеуметтік саясатты жетілдіру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

## Наурыз-бата

Жер-жаһанды сері самалға өпкізіп,  
Жұрттың аузын аққа жеткізіп,  
Нұр тамшыларын аямай төккізіп,  
Қиындықтың бәрін

келер жылға өткізіп,

«Самарқанның көк тасын ерітіп»,  
Алтын күрекпен жер жүзін жібітіп,  
Тас жүректерді мейіріммен үгітіп,  
Жеті қат жер астына дейін балқытып,  
Жыл құстарының өнін шапқытып,  
Жетісуға жасылдан көйлек киізіп,  
Сарыарқаны самал желге сүйгізіп,  
Алатаудың төбесін көкке тигізіп,  
Қаратауға құт-береке үйгізіп,  
Ақ бұлақтарды ақтартып,  
Шың-құздарды шаттантып,  
Тізбекетіп тырнарды,  
Сүйгізіп сырғаларды,  
Шоршытып балықтарды,  
Шапшытып арықтарды,  
Тербелтіп наз қайыңдарды,  
Төгілтіп жаз жайында өнді,  
Қаздарды қаңқылдатып,  
Найзағай жарқылдатып,  
Айтып ертегіңді,  
Жайып желкеніңді,  
Жетіп келген өз-Наурыз мейрамы

құтты болсын!!!



➤ Құттықтау!

## Жаңару жасампаздыққа жетелейді

**Құрметті түркістандықтар!**  
Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бабаларымыз Наурызды 5 мың жылдан бері мерекелеп келеді. Бұл күні халқымыз үлкен дастарқан басында жолығып, бір-біріне ақ тілектерін айтады. Еңбекқор еліміздің еңсесі биік болып, ата-әжелеріміздің баталары қабыл болғай! Наурызда тұрғындар ауыл-аймақты тазалап, бұлақ көзін ашып, ағаш отырғызуды дәстүрге айналдырған. Осы ретте Президентіміздің «Таза Қазақстан» бағдарламасы елдік дәстүрмен үйлесіп тұрғанын айта кеткен орынды. Сондықтан баршаңызды ауыл-аймақты таза ұстауға, көшет егуге шақырамыз! Биылғы Наурыз мерекесі қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр. Оразаларыңыз қабыл болсын! Дәстүр мен дін халқымызды бірлікке бастай берсін!

Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР Заңына қол қойды. Жауапты тұлғаларға өңірді жан-жақты дамытуды тапсырды. Қазір облыста осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Жаңа мәртебе қаламыздың одан өрі дамуына тың серпін бермек. Ең бастысы, тарихи ескерткіштерді қорғау күшейтіледі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – парызымыз. Сондықтан Түркістанды жаңа мәртебесіне сай дамыту қолға алынады.

Бүгінде шаһарда халықаралық талапқа сай ескек есу каналы мен «Қолөнершілер қалашығының» құрылысы аяқталып келеді. Заман талабына сай атшабар салынып жатыр. Түркістан қаласындағы халық саны соңғы 4 жылда 31 пайызға өсіп, биыл 240 мыңға жуықтады. Алдағы уақытта қаланы туристік орталыққа айналдыру бағытындағы жұмыстар жандана түседі.

**Қадірлі ағайын!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда Наурыз мейрамының төл мәдениетіміздегі орны бәлек екенін атап өтті. Биыл Наурыз мерекесі республика көлемінде 10 күн бойы тойланады. Түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы – Түркістан өңірінде де Наурыз мерекесі жоғары деңгейде атап өтіледі. Мереке қарсаңында аудан-қалаларда, ауылдарда елді тазалыққа, бірлікке, елдікке, берекеге бастайтын іс-шаралар ұйымдастырылды. Ұлттық болмысымыз бен мәдениетіміз, салт-дәстүрлеріміз дәріптелуде.

Баршаңызды Наурыз мерекесімен құттықтамай отырып, отбасыларыңызға амандық пен береке тілеймін! Тәуелсіз Қазақстан мәңгі жасап, Түркістанымыз дами берсін! Ұлыс оң болсын!

**Нұрхан КӨШЕРОВ,**  
Түркістан облысының әкімі.

**Нұралы ӘБИШОВ,**  
Түркістан облыстық мешихатының төрағасы.



БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

## Түркістанның ерекше символын бірге жасайық!

Түркістан қаласының ерекше мәртебеге ие болуына байланысты шаһардың өңірлік нышанын әзірлеу бойынша конкурс жарияланды!

Бұл – қаламыздың тарихи, мәдени және географиялық ерекшеліктерін айшықтайтын бірегей жоба.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады.

Нышан жаңа, ерекше әрі Түркістанның тарихи келбеті мен болашақ даму бағытын көрсететін жоба болуы тиіс.

Шарттары:

Өңірлік нышанда

Ұлттық этнографиялық элементтер мен ою-өрнектерді пайдалануға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік рәміздерді, діни, рулық және тайпалық белгілерді қолдануға тыйым салынады.

Конкурсқа өтінімдер 2025 жылдың 3 маусымына дейін қабылданады.

**ЖҮЛДЕ ҚОРЫ**

1-орын – 5 миллион теңге;

2-орын – 3 миллион теңге;

3-орын – 2 миллион теңге.

Өтінімдерді Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қағаз немесе электронды нұсқада жолдауға болады.

**Өз идеяңызды ұсынып, тарихи шаһардың болашағына үлес қосыңыз!**



## Мереке мезеттері



Суреттерді түсірген Қайсар ШЕРІМ.